Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті

«30» қаңтар 2026 жыл *Ақтөбе қаласы*

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру туралы өтінішхатты қарау нәтижесі бойынша қорытынды

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі – Департамент)* 2025 жылдың 21 желтоқсанында «Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» ММ-нен №06-04/899 «монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы» 2026 жылға Ақтөбе қаласы бойынша қорытынды беру туралы өтінішхаты келіп түсті.

Департамент Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2025 жылғы 16 маусымдағы №6 бұйрығымен бекітілген монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидаларын (бұдан әрі-Қағидалар) басшылыққа алып, келесіні хабарлайды.

Қағидалардың 13-тармағына сәйкес, өтінішхатты қарау нәтижесі бойынша монополияға қарсы орган мыналарды қамтитын Қорытынды қалыптастырады:

1) Заңның 16-бабы 3-тармағының 2), 26) немесе 31) тармақшаларына сәйкес қараудың негізі:

«Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» ММ мәліметіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 26-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік орган тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді монополияға қарсы органның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің ұқсас тауарлар, жұмыстар, қызметтер өндірісін жүзеге асырмайтыны туралы қорытындысы болған жағдайда дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкі туралы заңнамасына сәйкес, мемлекеттік басқару жүргізілетін мемлекеттік кәсіпорындардан тікелей сатып алуды жүзеге асыра алады.

Ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы монополияға қарсы органның қорытындысы болуы жөніндегі талап ұлттық қауіпсіздік органдары мен сайлау

комиссиялары қызметін қамтамасыз ететін ұйымдардан тауарларды, жұмыстарды көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қолданылмайды.

2) Өтінішхаттың нысанасы:

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу.

3) Өтінішхатта көрсетілген әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер:

«Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе қалалық ветеринариялық стансасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

4) Алынған нәтижелердің қысқаша сипаттамасымен қарау шеңберінде (осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес) жүргізілген іс-қимылдар тізбесі:

Ақтөбе облысының қала және аудандарының ветеринариялық стансасының құрылтайшысы – Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады. Ветеринариялық стансасы қызметінің мақсаты – ветеринариялық іс-шараларды жүргізу болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабының 4 тармағына сәйкес, Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары **мынадай функцияларды жүзеге асыру мақсатында** Қазақстан Республикасының заңнамасында белгелінген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар құрады:

жануарлардың эпизоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;

ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;

жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтер көрсетуді;

құрылысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын) күтіп-ұстауды;

жануарларды аулауды, уақытша ұстауды және жансыздандыруды;

ветеринариялық анықтама беруді;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беруді;

биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізуді;

ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

Облыстардың жергілікті атқарушы органдары құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда ветеринариялық пункттерімен құрылады. Жергілікті атқарушы органдар құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы Заңның 13-бабында көрсетілген ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес, **жануарлардың аса қауіпті аурулары** – уәкілетті орган анықтайтын жануарлар мен адамдарға ортақ ауруларды қоса алғанда, тез немесе кең таралуымен, жануарлардың жоғары аурушаңдығымен немесе өлімімен, үлкен әлеуметтік-экономикалық залалмен қатар жүретін жануарлар аурулар.

Сонымен қатар, «Ветеринария туралы» Заңының 13-бабының 1-1-тармағына сәйкес, ветеринария саласындағы жеке және заңды тұлғалардың жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтерінің келесі түрлеріне мыналар жатады:

1) ветеринариялық емдеу-профилактикалық қызметі;

2) ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды өткізу;

3) дезинфекция, дезинсекция, дератизация, дегельминтизация жүргізу;

4) ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру мен өткізу;

5) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға ветеринариялық-санитариялық сараптама жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған ветеринария саласындағы өзге де қызмет түрлері кіреді.

Қағидаларға сәйкес әлеуетті алмастырғыштарды айқындау экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына *(бұдан әрі — ЭҚЖЖ)* сәйкес сатып алу объектісі кіретін тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің сыныптау тобын талдау негізінде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Ақтөбе облысының ветеринария басқармасының өтінішхатымен берілген №2 қосымшада көрсетілген ақпаратқа сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу қызмет түрі - **75.00.0 ЭҚЖЖ-ға** (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне) сәйкес, «Ветеринариялық қызмет» қызметінің түріне жатады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының ресми сайтына сәйкес https://stat.gov.kz/ru/ ***(бұдан әрі-Сайт)*, ЭҚЖЖ 75.00.0 Қазақстан Республикасында «Ветеринариялық қызмет» дегенді білдіреді** *(Бұл кіші сыныпқа мыналар кіреді: ауыл шаруашылығы жануарларының денсаулығын емдеу және бақылауға байланысты іс-шаралар; серіктес жануарлардың денсаулығын емдеу және бақылауға байланысты іс-шаралар. Бұл іс-шараларды білікті ветеринарлар ветеринариялық клиникаларда, сондай-ақ фермаларға, питомниктерге немесе питомниктерге барған кезде, жеке тәжірибелер мен хирургиялық мекемелерде немесе басқа жерлерде жүзеге асырады. Бұл кіші сыныпқа мыналар да кіреді: ветеринарлық көмекшілердің немесе басқа да көмекші ветеринарлық персоналдың қызметі; жануарларға қатысты клиникалық-патологиялық және басқа да диагностикалық іс-шаралар; жануарларға амбулаториялық көмек көрсету. Бұл кіші сыныпқа мыналар кірмейді: ветеринариялық қызметтерді көрсетпей ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау қызметі (01.62.0 қараңыз); қойларды қырқу (01.62.0 қараңыз); табындардың денсаулығын тексеру, ірі қара малды айдау, мал жаю, ауыл шаруашылығы құстарын кастрациялау (01.62.0 қараңыз); жасанды ұрықтандыруға байланысты іс-шаралар (01.62.0 қараңыз); ветеринариялық қызметтерді көрсетпей үй жануарларын ұстау қызметі (96.09.0 қараңыз).*

Департамент жоғарыда көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыра алатын субъектілердің бар-жоғын анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі – Статистика департаменті)* 2025 жылдың 23 желтоқсанында №03-11/997 сұрау хатын жолдады.

Нәтижесінде, Статистика департаментінің ақпаратына сәйкес, статистикалық бизнес-регистірінен алынған деректеріне сәйкес, 6 ғана заңды тұлға **75.00.0 ЭҚЖЖ-ға** (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне) сәйкес, «Ветеринариялық қызмет» қызмет түрі бойынша тіркелген. Оның негізгі қызметі – ветеринариялық қызмет.

Осыған байланысты, Департамент 2025 жылдың 31 желтоқсанында №03-13/1026 сұраныс хаттын жолдап, нәтижесінде заңды тұлғалар мемлекеттік сатып алуларға қатыспайтынын хабарлады.

Осылайша, жоғарыда аталған қызмет түрін жүзеге асыру бойынша Ақтөбе қаласы аумағында нарық субъектілерінің жоқ екені анықталды.

Сонымен қатар, Ақтөбе облысының ветеринария басқармасының ағымдағы жылдың №01-04/162 хатына сәйкес, 2026 жылы мемлекеттік сатып алу порталында аталған қызмет түрлері бойынша конкурс жарияланғанын, сол конкурсқа әлеуетті өнім берушілері (нарық субъектілері) қатыспағанына байланысты сатып алулардың өткізілмегенін қосымша ақпарат үшін хабарлады.

Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы Қағидалардың 2 қосымшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың сәйкестендіру коды ретінде - **750019.000.000031 қызмет Лот (ТЖҚК) айқындалған.** Лоттың атауы мен сипатамасы: **ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу.**

Департамент мәлімделген тауарларды немесе қызметтерді және олардың әлеуетті алмастырғыштарын бәсекеге қабілетті сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу веб-сайтындағы ақпаратты талдады. 2026 жылдың 27 қаңтардағы жағдай бойынша https://www.goszakup.gov.kz веб-сайтында 750019.000.000031 лот бойынша — Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу қызметтері бойынша 102 мемлекеттік сатып алу жарияланды.

Қазақстан Республикасы бойынша өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден сатып алу және баға ұсыныстарын сұрау арқылы мемлекеттік сатып алудың деректері бар.

Өтінішхатты қарау барысында 2025 жылдың 26 желтоқсандағы Ақтөбе облысының ветеринария басқармасының №06-04/918 хатымен ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабының 4-тармағына сәйкес, жануарлардың аса қауіпті ауруларына қатысты ветеринариялық-санитариялық және эпизоотияға қарсы іс-шараларды, оның ішінде диагностиканы, вакцинацияны және санитариялық союды жүргізу облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың айрықша құзіретіне жататынын хабарлады.

Сонымен қатар, ветеринария саласындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар жергілікті атқарушы органдар тарапынан ветеринария саласындағы функцияларды орындау үшін құрылғанын және ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11-бабының 4-тармағына сондай-ақ Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 134-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың функцияларын көрсетіп, ветеринария саласындағы заңнамада жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына байланысты ветеринариялық қызметті жүзеге асыру құқығы жоқ екенін көрсетті.

Жоғарыда аталған қызмет түрлерін жеке субъектілердің бәсекелестік негізде көрсетуі алынып тасталғанын және көрсетілген қызметтер бойынша бәсекелестік ортаның болуы салалық заңнама талаптарына сәйкес келмейтінін жеткізді.

Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы аталған хатта ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызмет түрлерін тізіммен көрсетіп, ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 11 бабының 4-тармағына және 13-1 бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан тиісті хабарламалар түспегенін хабарлады.

5) Әрбір қарау кезеңі бойынша тұжырымдардың негіздемесі:

Ақтөбе облысының қала және аудандарының ветеринариялық стансасының құрылтайшысы – Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады. Ветеринариялық стансасы қызметінің мақсаты – ветеринариялық іс-шараларды жүргізу болып табылады.

Ақтөбе облысының қала және аудандарының ветеринариялық стансаларының Жарғысына сәйкес, жергілікті атқарушы орган Ақтөбе облысының әкімдігі «Ақтөбе

облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Ақтөбе облысының қалалары мен аудандарының ветеринариялық стансаларын басқаруға байланысты бірқатар функцияларды орындауға рұқсат береді.

Заңнамаға сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары келесі функцияларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда ветеринариялық пункттер құрады: жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу.

Облыстардың жергілікті атқарушы органдары құратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың аудандарда және өңірлік маңызы бар қалаларда ветеринариялық стансалары болады. Осылайша, ветеринария басқармасы жанынан қалалық және аудандық ветеринариялық станциялар нысанында жоғарыда көрсетілген қызметтерді жүзеге асыруға мемлекеттік ветеринариялық стансалары құрылды. Оларға қолданыстағы Заңда көзделгендей жоғарыда аталған қызметтерді көрсетуге айрықша құқықтар берілді.

Сонымен-қатар, нарық субъектілері арасынан ***ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қызметін жүргізетін жеке кәсіпкерлік субъектілері анықталған жоқ.***

Қазақстан Республикасы бойынша өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу, баға ұсыныстарын сұрату фактілері бар.

Осыған қоса, Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы 2025 жылдың 26 желтоқсандағы №06-04/918 хатында жергілікті жерлерде жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларының алдын алу және оларды жою бойынша жоспарлы ветеринариялық іс-шараларды, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді уақтылы қамтамасыз ету мақсатында **жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы оң қорытынды беруді сұрап,** Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 11-бабына сәйкес, құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдармен бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға негіз болады деп жазылып көрсетілген.

6) Қорытындының қолданылу мерзімі: 2026 жыл.

7) Қорытынды беру үшін негіздердің бар немесе жоқ екендігі туралы түпкілікті шешім:

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, **Департамент 2026 жылға Ақтөбе қаласының** шекарасында ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді атап айтқанда, *ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу* қызметін жүзеге асыратын **жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытынды шығарады.**

Департамент басшысы **С.Вахитов**

Орынд.Д.Маликов
Тел.8/7132/567894